

Текелі қаласының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы N 27-175 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылды 17 сәуірде N 2674 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2014 жылғы 16 қазандағы № 34-219 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының
16.10.2014 № 34-219 шешімімен.
РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы
сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және "АгроЕнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Текелі қаласының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін қалалық бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Текелі қалалық мәслихатының "Әлеуметтік мәселелер бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<p>К а л а л ы қ мәслихат</p> <p>Д. Нұсіпов</p> <p>К а л а л ы қ мәслихат</p> <p>H. Калиновский</p>	<p>сессиясының төрағасы</p> <p>хатшысы</p> <p>КЕЛІСІЛДІ:</p>
---	--

"Текелі қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы
"28" наурыз 2014 жыл

"Текелі қаласының экономика
Және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
"28" наурыз 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК